



Төсеу және пайдалану бойынша нұсқаулық

Жалпы талаптар

Ауа райы жағдайлары


Төсеуге дейін, төсеу кезінде және төсегеннен кейін бөлмедегі ауа райы жағдайлары келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- бөлмедегі ауа температурасы $> +18^{\circ}\text{C}$;
- еден бетінің температурасы $> +15^{\circ}\text{C}$;
- ауаның салыстырмалы ылғалдығы 40% - 70%.



Бейімдеу


Төсеуді бастар алдында, ораманы ашпай тұрып, ламинатталған едендерді 48 сағатқа олар төселетін бөлмеге орналастырыңыз




Төсеуге арналған бет.

Барлық беттер жалпы техникалық талаптарға сәйкес келуі және қолданыстағы нормативтерді ескере отырып төсеу үшін жарамды болуы тиіс. Төсеуге арналған бетті дайындауда келесі талаптарды сақтауға аса назар аударылуы тиіс:


- құрғақтық, ылғал мөлшерінің нормасы (салмақтық ылғалдылық көрсетілген) аражабын тақталары үшін -4 %, цемент-құм тұтастырғыштар үшін – 5 %, тақтайлы табан үшін – 7 %- дан көп емес;



- тегістік (еден деңгейінің максималдық айырмасы бір метрге 3 мм-ден кем емес);



- қаттылық/ көтеруші қабілет;
- төсеуге арналған беттің тазалығы.



Тігіссіз едендерден басқа төсеуге арналған бет ретінде сонымен қатар ПВХ-дан жасалған едендер, линолеум, резеңке немесе ағаштан жасалған жабындар, егер олар жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келсе.

Тоқымалық едендік жабындар жарамсыз негіз болып есептеледі.

Электрлік жылытылатын жылы едендер шектеулі жарамды негіз болып есептеледі.


Сулы Қыздырылатын едендерді пайдалану.

Ламинатталған едендік жабындарды сумен қыздырылатын едендерге төсеуге болады. Бұл жағдайда сулы қыздырылатын еден өндірушінің нұсқаулықтарын пайдаланыңыз.

Электрлік Қыздырылатын едендерді пайдалану.

Электрлік қыздырылатын жылы едендер ламинатталған едендермен пайдалану үшін өте жарамды, егер жылытқыш элементтер тігіссіз еденге немесе бетондық қабатқа орналастырылады және онда үлдірлі электр қыздырғыш түрінде жатпайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Беттің температурасы 28°C-тан аспауы тиіс.




Реттелетін үлдірлі электрлік қыздырғыштар негізіндегі жылы едендер ламинатталған едендермен пайдалануға жарамды болуы мүмкін, егер қыздырғышты дайындаушы беттің температурасы 28°C-тан аспайды. Үлдірлі электрлік қыздырғыш негізіндегі стандартты жылы едендер температура жедел құлағанда 28°C-ден біраз артатын жазықтық температурасын өндіреді және сондықтан да төсеу үшін негіз ретінде жарамсыз болып есептеледі.


Төсеу

Төсеудің негізгі ережелері

1. Төсеу алдында еден тақтайларының көрініп тұратын ақауларына тексеру керек. Зақымдалған еден тақтайларын төсеуге тыйым салынған.




2. Ламинатталған едендерді жинау үшін Сізге керегі: өлшеуіш, қарындаш, ара, қабырғаға дейінгі қашықтықты сақтау үшін кергіштер, жуандығы 0,2 мм полиэтилен үлдір, биіктігі 3 ммден көп емес дыбыс өткізбейтін төсеме, және кейбір жағдайларда, желім.




3. Тігіссіз еденнің немесе минералдық негіздегі еденнің беті ылғал қорғайтын полиэтилен үлдірмен толықтай жабылуы тиіс. Бұл ретте жапсарларда үлдірдің жолақтары кемінде 200


мм айқассалын төселеді. Сонымен қатар барлық негіздер үшін дыбыс өткізбейтін түптөсем ұсынылады. Түптөсем қыспақпен төселеді, яғни айқассалынсыз.




4. Ламинатталған едендік жабынның элементтері әрқашанда құбылмалы әдіспен төселеді.
5. Еден тақтайларын төсеуге арналған бетпен қозғалмайтындай етіп (желім, бұрама шегелер, шегелер) бекітуге болмайды.




6. Көршілес қатарлар еден тақтайларының жіктерінің минималдық жылжуы - 200 мм.



7. Барлық қатты құрылыстық беттердің өтемдік саңылауы - 8-10 мм.




8. Барлық күрделі пішінді есік ойықтары, өтетін жерлер, бөлмелерде, сонымен қатар ұзындығы немесе ені 10 м-ден үлкен бөлмелерде жалғастырғыш тетік / табалдырық қойған жөн.





9. Жарық бөлменің терезесінен еден тақтайларының жапсырмаларына түсу үшін едендік жабындарды параллель көлбеу жағы бойынша төсеу ұсынылады. Бұл жағдайда едендік жабындардың арасындағы тігістер аз байқалады.

Қаптау процедурасы


1. Еден тақтайларын қараңыз, олардан саңылауы (А) және жотасын (В) табыңыз.



Бірінші қатарды төсеуді бөлменің шеткі сол жақ бұрышынан бастаңыз. Жотасы (В) бар еден тақтайының екі жағы да қабырғаға қарап тұратындай төсеңіз. Төсеуді бастағанда, қабырғаға дейінгі қашықтықты сақтау үшін кергіш орнатаңыз.




Қатарды еден тақтайларын бір біріне көлденең жағымен жалғап келесі түрде жинаңыз: бірінші және әрбір келесі төселген еден тақтайына жаңасын, бұрышына оның жотасымен бұрын төселген элементтің саңылауына кіргізе отырып төсеңіз. Сосын төселетін едендік тақтайды ол толықтай еденге жатқанша қойыңыз.







2. Бірінші қатардың соңғы еден тақтайында қажетті ұзындықты өлшеп алыңыз да, элементті белгісі бойынша аралаңыз. Екінші қатарды төсеуді бірінші қатардың соңғы еден тақтайының қалдығынан бастаңыз, егер оның ұзындығы 200 мм-ден кем болмаса. Барлық келесі қатарларды төсеуді алдыңғы қатардың еден тақтайының соңынан бастаған жөн.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Төсеу кезінде әрбір келесі қатардың еден тақтайларының бүйірлік жіктер алдыңғы қатардың еден тақтайларының жіктеріне қатысты ең кемі 200 мм жылжытылуы тиіс. Жабындарды жүзімен немесе ерекше зермен (мысалы, плитка тәріздес) төсей отырып, жылжыту тегіс болғанын және жүз мен суретке сәйкес болуын бақылаған жөн.



3. Екінші және келесі қатарларды жинауды қатардың еден тақтайларын өзара көлденең жағымен біріктіруден бастаңыз.

Қатар жиналғаннан кейін, оны көтеріңіз де, алдыңғы қатардың жапсарына жотамен көтеріңіз де, қатардың барлық ұзындығы бойынша жерге толық жабылғанша түсіріңіз.






4. Соңғы қатардың элементтерін максималдық дәл кесу үшін:

- қабырғадан 8-10 мм қашықтықта орналасқан еден тақтайының көмегімен соңғының алдындағы қатарға белгі қойыңыз;
- бұл қатарды орнатпай, еден тақтайларының артық бөлігін сіздің белгіңіз бойынша кесіңіз;
- соңғының алдындағы қатарды жаңа еден тақтайларынан тесеңіз;
- кесілген еден тақтайларының қатарын соңғы ретінде пайдаланыңыз.

Қоғамдық және коммерцияға арналған бөлмелерде төсеу.

Қоғамдық және коммерцияға арналған бөлмелерде төсеуде осындай бөлмелер үшін тән ылғалдықтың орташа деңгейін ескерген жөн. Бұл жағдайлар үшін элементтерді арнайы желіммен жапсыру қарастырылған. Элементтерді төсеуде желімнің қалдықтары элементтің барлық біріктіргіш тігістері бойынша сыртына шығып тұратындай желім жоғарғы жотаға жағылады. Желімнің қалдықтарын еден тақтайының жоғарғы бөлігінен тез арада немесе желімге аздап кептіріп жоюға болады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Еденнің аралықтарында желімді жаққаннан кейін саңылаулар қалмағанына көз жеткізіңіз.


Есіктің Қораптары

Есіктің қораптарын ламинатталған едендік жабын мен табалдырықтың барлық биіктігіне қысқартқан жөн. Сосын едендік жабындарды едендік тақтайлар есіктік қораптан шығып тұратындай төсеген жөн, сонымен қатар бұл едендік жабын мен қабырға және/немесе басқа еден арасындағы өтемдік саңылауды (8-10 мм) сақтау керек. Егер сіз төсеуді осындай едендік қорапта аяқтасаңыз, онда бұл бөлікте төселген едендік тақтайдың жігінің төменгі бөлігінде шығып тұрған ысырманы жаңа еден тақтайы түзу жататындай қойылу үшін қашаумен алып тастау қажет. Бұл бөлікте біріктіру арнайы желіммен қамтамасыз етіледі.


Егер есіктік қораптар, мысалы, металл қораптар қысқартылмаса, ламинатталған еден мен қабырға және/немесе басқа еден арасындағы тігістер икемді массамен толтырылған немесе сәйкес келетін аяқтайтын профильдермен жабылған болуы тиіс.

Құбыр астына қиыстырып келтіру


- Құбырдың күйін өлшеп алыңыз да, оны едендік тақтайда өтемдік саңылауды ескере отырып белгілеңіз.
- Құбырдың диаметрінен ең кемінде 16 мм үлкен мөлшерде тесікті бұрғылап алыңыз.



- Еден тақтайының бөлігін тесіктерге 45° бұрышпен аралаңыз.




- Кесілген бөлікті басқаларына қиыстырыңыз да, жапсырыңыз.



Төсегеннен кейін

Ұсыныстар


- Жиназдың аяқтарында киіз төсемдер орнатыңыз.





- Ауыр жиназдың орынын ауыстырғанда оны көтеріңіз.




- Дивандар мен креслолардың доңғалақ аяқтары жұмсақ типке жатуы тиіс.




- Еденді су емес, әлсіз ылғалды шүберекпен сүртіңіз.




- Еденге су төгілген жағдайда оны бірден сүртіп жойыңыз.




- Едендік жабындарды сүрткенде зақымдауы мүмкін абразивтік тазалаушы заттар мен басқа құралдарды қолданбаңыз.
- Еденді жылтыратпаңыз, балауыз немесе лак жақтаңыз.



- Құрғақ тазалауға арналған шаңсорғыштарды пайдалануға болады.



- Дымқылдап жинауға арналған шаңсорғыштар (жуғыш шаңсорғыш) мен бумен тазалағыштарды пайдалануға рұқсат етілмейді.



- Едендік жабындарды кіре беріс аймақта ластарды ұстайтын кілемшелерді пайдалану арқылы қатты ластардан сақтаңыз.



- Едендік жабындарға арналған тазалағыш құралдар алкоголь немесе сірке суы негізінде болуы тиіс. Сонымен қатар тазалағыш ретінде жанармай, лакты кетіруге арналған құралдар, әмбебап дақ кетіргіштер қолданылады
- Үлдір түзетін тазалағыштарды қолдануға болмайды. Оларға ыдыс жууға арналған құралдар, сұйық сабын және т.с.с жатады.



- Егер ламинатталған едендердің мықтылығына қарамастан, зақымдану анықталған болса, аздаған зақымдалған жерлерді осыған арналған арнайы қалыптық пастамен жөндеуге болады. Барлық едендік жабындар зақымдалған жағдайда, оны маман алмастыруы тиіс. Қажет болған жағдайда сіздің жеткізушіңізге хабарласыңыз.

Кепілдік

1. Осы кепілдік төсеу және пайдалану бойынша нұсқаулықта қарастырылған талаптарды ескере отырып, тұрғын үйлерде төселген KASTAMONU ламинатталған едендік жабындарға таралады.
2. Кепілдік жағдай болып едендік жабынның еден тақтайының қорғаныш қабаты мен оның астындағы сәндік қағаз қабатының қажалуы немесе толық кетуі түріндегі зақымдалуы болып табылады. Бұл зақымдалу жақсы байқалатындай және кемінде 1 см мөлшерге жетуі тиіс.
3. Беттегі тұрмыстық заттардың түсуі нәтижесінде пайда болған сынықтарсыз немесе сызатсыз майысқандар кепілдік жағдайларға жатпайды. Үшкір шеттері бар заттардан туындаған зақымданулар да кепілдіктен шығарылады.
4. Кепілдіктер таза сыртқы зақымдануларға таралмайды, мысалы, жиһаз заттарымен үйкелу нәтижесі бойынша ластанулар немесе майысқандар.
5. Кепілдік тұрғын үй-жайлары болып табылмайтын, едендік жабындарды тағайындалуы бойынша пайдаланбау себебі бойынша, апаттардың, еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекеттерін және басқа да жағдайлар бойынша шығындарды жаппайды.
6. Кепілдікті басқа тұлғаға беруге болмайды, ол тек тікелей сатып алушыға ғана тиесілі.
7. Зақымдалған едендік жабындарды төсеу және бөлшектеу шығындары кепілдіктен шығарылады.
8. Өндіруші өзінің өкілдері немесе дистрибьютордың өкілдері арқылы кепілдік жағдайын растау туралы шешімді қабылдағанға дейін едендік жабын төселген объектіні, төсеу және пайдалану бойынша талаптардың сақталуын тексеруге құқылы.

* кепілдік ламинат бетінің қажалуына таралады

1) Сынып

2) Үйде пайдалануға кепілдік мерзімі

3) Коммерциялық пайдалануға кепілдік мерзімі